

**Астана қаласы бойынша қалалық және қала маңы қатынастарында жолаушылар мен жүкті автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тариф белгілеу туралы**

Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 503-2489 қаулысы

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 19-бабының 2-тармағына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалалық және қала маңы көлік қатынастарында жолаушылар мен жүкті автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тариф жолаушының бір сапары үшін 110 (бір жүз он) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Ж. Қасымбек*